



Түркістан облысы
Сарыағаш аудан білім бөлімі

№ 74 жалпы орта білім беретін мектебі

Педагог – психолог Құралбек Нұргүлдің 2021 – 2022
оқу жылында атқарған жұмыстарының жылдық
қорытынды есебі

2021 - 2022 оқу жылы

Сарыағаш ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің
№74 жалпы орта білім беретін мекемесінің педагог – психологтың 2021 – 2022 оқу
жылында атқарған жұмыстарының жылдық есебі.

ҚОРЫТЫНДЫ

1. 2021 жылдың қыркүйек айының бірінші аптасында 1-9 күндерінде 1-сынып оқушыларының мектепке бейімделуін анықтау жұмыстары жүргізіліп нәтижесінде 2 оқушының бейімделе алмағаны анықталды. Екі оқушымен және анасымен, сынып жетекшілерімен жеке кеңестер, түсіндірме жұмыстары мен ойындық жаттығулардың жүргізілу нәтижесінде оқушылар бақылауда болып, 1 ай ішінде мектепке бейімделді.
2. 2021 жылдың қыркүйек айының екінші аптасында 6-11 күндерінде 1-сынып оқушыларының оқуға дайындығын анықтау мақсатында сынып жетекші көмегімен «Баланы анықтау» хаттамасы алынды, нәтижесінде оқушылардың өз бетімен жазуға қиналсада жазуға, сурет салуға қызығатындары анықталды. Ал оқуға дайын емес оқушылардың іс-әрекетін дамыту бойынша ойындық жаттығулар жүргізілді. Ата – анасымен сынып жетекшілерге қажетті ұсыныстары мен кеңестер берілді.
3. 2021 жылдың қыркүйек айының үшінші аптасында 13 – 18 күндерінде 5-сынып оқушыларының орта буынға бейімделуін анықтау сауалнамалары алынып, нәтижесі бойынша 10 оқушының орта буынға бейімделе алмағаны анықталып, топтық психологиялық жаттығулар мен тренингтер «Менің сыныбым» «Менің мектебім» «Менің достарым» «Менің арманым» тақырыптарында жүргізілді. Мұғалімдеріне және ата-аналарына қажетті ұсыныстар берілді.
4. 2021 жылдың қыркүйек айының төртінші аптасында 20 – 30 күндерінде Ата-аналар мен мұғалімдерден келіп түскен сұраныстар бойынша топтық және жеке кеңес беру жұмыстары жүргізіліп, «Өмір ғажап» «Менің ғажап өмірім» «Менің мамандығым» тақырыптарында мұғалімдер мен оқушыларға семинар – тренингтер жүргізілді.
5. 2021 жылдың қазан айының бірінші аптасында 1 – 9 күндерінде орта буынға бейімделуі қиын оқушылармен бойында кездесетін үрей, қорқыныш, ұялу сезімдерінен арылу жолдары бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізілді.
6. 2021 жылдың қазан айының екінші аптасында 11 – 30 күндерінде 2-11 сыныптар арасылығында «Бес терек» жобасы аясында кабинеттік талдау мен далалық зерттеу жүргізу және «Тәуекел тобын» анықтау жұмыстары жүргізіліп нәтижесінде 72 оқушының «Тәуекел» тобында екені анықталды, Оның жасыл деңгейінде 56, сары деңгейінде 16, қызыл деңгейде 0 екені анықталды. «Тәуекел» топ бойынша ата – аналары мен мұғалімдеріне түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Оқушыларды бақылау, топтық және жеке кеңес жұмыстары, психологиялық жаттығулар мен тренингтер жүргізілді.

7. 2021 жылдың қараша айының бірінші аптасында «Менің отбасым» проективті әдістемесі 5-11 сынып оқушыларынан алынып, суреттер бойынша қорытындысы шығарылды. Нәтижесінде оқушылардың отбасынан жылулық іздейтіні, бойларындағы агрессия бары анықталып, сынып жетекшілері мен ата – аналарына түсіндірме жұмыстар және жеке кеңес беру жұмыстары жүргізілді, ал оқушылармен психологиялық агрессияны шығаруға арналған «Ақ қар» «Лимон» т.б. психологиялық жаттығулар жүргізілді.
8. 2021 жылдың қараша айының 15 – 23 күндері аралығында «Үйлесімді қарым-қатынас – бала қауіпсіздігінің кепілі» тақырыбында 10 күндік өткізілді. 15 қараша күні онкүндіктің ашылу рәсімі 11 сынып оқушылары мен сынып жетекшілерінің қатысуымен өтті. 17 қараша күні «Мен сені сүйем, өмір!» тақырыбында 1 – 11 сынып оқушылары арасында қызықты тренингтер мен жаттығулар жүргізіліп 18 қараша күні «Өмірді сүю – ғажап емес пе?» тақырыбында 9 – 11 сынып оқушылары арасында дөңгелек үстел және «Мұғалім оқушы» қарым – қатынасы және оның оқу тәрбие процесіндегі ықпалы» тақырыбында педагогикалық ұжыммен дебат өткізілді. 20 қараша күні «Отбасы және бала психологиясы. Қарым – қатынастағы ерекшеліктер» тақырыбында ата – аналарға арналған семинар – тренинг өткізілді.
9. 2021 жылдың қараша айының төртінші аптасында «Кедергіні жарып өт» тақырыбында 11 – сынып оқушыларымен психологиялық қолдау тренингтері мен психологиялық кеңестер жүргізілді.
10. 2021 жылдың желтоқсан айының 1 ші аптасында «Үй Адам Ағаш» проективті әдісі 2 – 4 сынып оқушыларынан алынды, нәтижесінде бойында қорқыныш, сенімсіздік бар оқушылар анықталып, сынып жетекшіге мәліметтер берілді, оқушылармен қорқыныштан, сенімсіздіктен арылу жаттығулары жүргізілді. «Менің мектебім» тақырыбында анонимді сауалнама 7-11 сынып оқушыларынан алынды. Мақсаты оқушылардың мектепке деген көзқарасын анықтау және оқушылар мен мұғалімдер арасында жағымды қарым – қатынас орнату.
11. 2021 жылдың желтоқсан айының 4 – күні 11 – сынып оқушыларымен «Менің адал досым» семинар – тренингі өткізілді. Мақсаты: Оқушылардың «сыйластық», «достық» құндылықтары туралы түсініктерін кеңейту, өзара сыйластық қарым – қатынастарын дамыту, инабаттылыққа, достыққа, сыйластыққа тәрбиелеу.
12. 2021 жылдың желтоқсан айының 9 – күні ұжым арасында «Жаңа дәуір мектебі, жаңа көзқарас» тақырыбында жас мамандардан сауалнама алынып, мектепішілік семинарда «Сыйластық патшалығы» тақырыбында ертегі терапиясы жүргізілді.

13. 2021 жылдың желтоқсан айының 15 – күні «Ерте жүктіліктің ертеңі қандай» тақырыбында жалпы қыздар жиналысы өткізіліп, «Қазақ қызына тән қасиеттер» жайында психологиялық жаттығулар жүргізілді.
14. 2021 жылдың желтоқсан айының 20-25 күндері аралығында «Кедергіні жарып өт» тақырыбындағы 11 – сынып оқушыларымен дәстүрлі психологиялық қолдаулар мен жеке және топтық кеңестер берілді.
15. 2021 жылдың желтоқсан айының 27 – 30 күндері «Отбасы және бала психологиясы» тақырыбында жалпы ата – аналар жиналысы өткізіліп, қысқы демалыстағы қауіпсіздік бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілді.
16. 2022 жылдың қаңтар айының 17 – 22 күндері 1-11 сынып оқушыларынан «Социометрия» әдісімен «Темперамент» тесті алынып, нәтижесінде оқушылардың бойында уайым, ашу, депрессия бары анықталды. Ата – аналар мен мұғалімдерге түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, аутодеструктивті жағдайлардың алдын алу мақсатында оқушылар арасында түзету жаттығулары «Ойындық терапия» «Күлімдеу» 1-2-3-4 сыныптар, «Ертегі терапиясы» 5-6-7 сыныптар, «Қызықты шарлар» 8-9-10-11 сынып оқушыларымен жүргізілді. Нәтижесінде оқушылардың бойындағы агрессиялары мен қысымдары шықты, күліп жүргеннің пайдалы екенін түсінді және үнемі жақсы ой ойлау керектігін ұғынды.
17. 2022 жылдың қаңтар айының 24 – 29 күндері «Отбасы бақыт мекені» тақырыбында әкелер мектебімен кездесу кеші өткізіліп, «Мен үшін әке болу», «Мен ұлымды мақтан тұтамын» тренингтері жүргізілді. 11- сынып оқушыларымен «Мамандық таңдау, ертеңді ойлау» тақырыбында семинар – тренинг өткізілді. 6-шы «А,Ә» сынып оқушыларымен «Біз бір – бірімізді түсінемізбе?» тақырыбында семинар – тренинг өткізілді. «Қызды қырық үйден тыю» жалпы қыздар жиналысы өткізілді.
18. Үлгерімі төмен оқушылардың мұғаліммен қарым – қатынас деңгейін анықтау мақсатында 5-11 сынып оқушыларынан сауалнама алынды, нәтижесінде мұғалімдердің үлгерімі төмен оқушыға айтарлықтай назар аудармайтыны анықталып, мұғалімдерге сауалнама нәтижесі нақты айтылып түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, үлгерімі төмен оқушыларға арнайы тапсырмалар жиі берілу керектігі және қосымша қызықты ойын түрінде сабақтар өткізіуге ұсыныс берілді.
19. 2022 жылдың ақпан айының 7-12 күндерінде «Балаларды қорқыныштан, кибербұзудан, жыныстық қылмыстардан және аутодеструктивті мінез құлықтан қорғау» мақсатында апталық өткізілді. «Қорқыныш және одан арылу» тақырыбында 5-11 сыныптар арасында семинар-тренинг өткізілді. «Көңіл – күйді көтеру» 5-6 сынып оқушыларымен психологиялық қызықты жаттығулар мен тренингтер жүргізілді.

20. 2022 жылдың ақпан айының 14-19 күндерінде 9-10-11 сынып оқушыларымен «Эмоцияны басқару» семинары өткізілді.
21. 2022 жылдың ақпан айының 21-28 күндерінде ақпан педагогикалық оқуында баяндама оқылды. 11-сынып ата – аналарымен «Эмоцияны басқару» тренингі өткізіліп, ата – аналар сұрақтарына жауап берілді.
22. 2022 жылдың наурыз айының 1-5 күндерінде «Жайсыз отбасы – панасыз бала» тақырыбында апталық өткізілді. «Ашық есік күні» ұйымдастырылып мектептің кіре берісіне «Көңіл күй» стенді жасалып ата – аналар, мұғалімдер, оқушыларды көңілді сәлемдесу алаңымен күтіп алынды. Ата – аналар жиналысы өткізіліп, «Ата – анаға 100 кеңес» жаднамалар мен психологиялық кеңестер таркатылып, тренингтер өткізілді.
23. 14.03 – 19.03.2022 күндерінде «Жайсыз отбасы, панасыз бала» апталығының есебі білім бөліміне тапсырылды. Жалпы мектеп оқушыларының педагогикалық – психологиялық карталарын реттеу жұмыстары жүргізілді. Үйде оқитын оқушымен түзету – дамыту сабақтары жүргізілді. Білім сынақтары алдындағы психологиялық дайындығы төмен балалардың ата – аналары мен ұстаздарына кеңестер беріліп, баяндама оқылды. 11 – сынып оқушыларымен «Эмоцияны басқару» семинары өткізілді.
24. Сәуір айының 04.04 – 09.04.2022 күндерінде мектеп алды дайындық тобының мектепке дайындығын анықтау сауалнамасы алынып, нәтижесі анықталып төрт оқушы нормадан төмен екені анықталды. МАД тобымен түзету жұмыстары ұйымдастырылып, жаттығулар, ойындар жүргізілді. МАД тобының ата – аналарымен түсіндіру жұмыстары жүргізілді.
25. Сәуір айының 11 – 16.04.2022 күндерінде үлгерімі төмен оқушылармен жеке кеңестер жүргізілді. МАД тобымен «Ертегі айтып берші» әдістемесі жүргізілді. МАД тобынан «Графикалық диктант» әдісі алынды. Күлкі әлеміне көңілді саяхат 1-11 сынып оқушыларына психологиялық көңілді тренинг жүргізілді.
26. 18 – 23 сәуір күндерінде МАД, 4, 9, 11 сынып оқушыларының сабақтарына ену, бақылау жұмыстары жүргізілді. 11 сынып оқушыларымен «Өзіне деген сенімділікті арттыру» тренингі өткізілді. «Мектеп оқушысының ораза ұстауы» жайында сауалнама алынып, қорытындысы шығарылды. Сауалнама нәтижесі бойынша имаммен кездесу, түсіндіру жұмыстары жүргізілді.
27. 25 – 30.04.2022ж күндерінде 6-8 сынып оқушыларынан анонимді сауалнама алынып, нәтижесі шығарылды. Сауалнама қорытындысы бойынша ұстаздарға және оқушыларға топтық және жеке кеңестер берілді.
9-11 сынып оқушыларымен «Мен таңдаған мамандық» тақырыбында кездесу өткізілді.

